

2026. 13 (4)

Asian Journal

"STEPPE PANORAMA"



ISSN 3135-8055

ISSN 3135-8055 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты 2026

© Авторлар ұжымы, 2026

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

Женгиз Алимаз — филология ғылымдарының докторы, профессор, түрколог-ғалым, Бурса Улудаг Университетінің профессоры (Бурса қ., Түркия Республикасы)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы - тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры (Қазақстан)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Сәбитов Жақсылық Мұратұлы — PhD, Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институтының директоры (Қазақстан)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Болон ғылым академиясының корр. -мүшесі, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Черниенко Ирина Борисовна – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, аға ғылыми қызметкер Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының (Қазақстан)

РЕДАКТОР

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Ағзам Райымбек Рзабекұлы – Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері, магистр (Қазақстан)

Бурханов Бимурад Бадритдинұлы — магистр, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 3135-8055 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03. 04. 2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии имени Ч. Ч. Валиханова, 2026

© Коллектив авторов, 2026

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА

Женгиз Алилмаз — доктор филологических наук, профессор, тюрколог-учёный, профессор Бурса Улудаг Университет (г. Бурса, Турецкая Республика)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

Алимбаев Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) – доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна – доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч. Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилева. (Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дарья Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства имени М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабитов Жаксылык Муратович - PhD, директор научного института изучения Улуса Джучи (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова. (Казахстан).

Черниенко Ирина Борисовна – кандидат исторических наук, доцент, старший научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан)

РЕДАКТОР

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Агзам Райымбек Рзабекулы – магистр, сотрудник Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (Казахстан)

Бурханов Бимурад Бадритдинович — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 3135-8055 (online)

Founder and publisher: RSE on REM"Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03. 04. 2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, 2026

© Group of authors, 2026

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

DEPUTY EDITOR-IN-CHIEF

Cengiz Alyılmaz — Doctor of Philological Sciences, Professor, Turkologist scholar, Professor at Bursa Uludağ University (Bursa, Republic of Türkiye).

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SC MSHE RK (Kazakhstan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ian W. Campbell — PhD, Professor at the University of California (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch. Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L. N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna — doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Sabitov Zhaxylyk Muratovich — PhD, Director of Research Institute for Jochi Ulus Studies (Kazakhstan)

Samashev Zainolla Samashevich — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Tomohiko Uyama — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Zharken Aigul — Doctor of Historical Sciences, Professor at L. N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Chernienko Irina Borisovna — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Senior Researcher at the Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan)

EDITOR

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Agzam Raiymbek Rzabekuly – Master's degree, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

Burkhanov Bimurad Badritdinovich — Master's, researcher at Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ / ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ
/ HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES**

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal "Steppe Panorama"
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 3135-8055.
Vol. 13. Is. 4, pp. 950-965, 2026
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/3135-8055_2026_13_4_950-965

**THE LIFE OF SHAKARIM HAJI DURING THE SOVIET PERIOD:
IN MEMORIES AND SOURCES**

Karimov Mukhtarbek¹, Nassyrov Madiyar^{2}, Rakhmetullin Erkin³,*

¹Shakarim University
(20A Glinki Str., Semey, 071412, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Professor
 <https://orcid.org/0000-0001-8949-2512>. E-mail: Karimov_51@mail.ru

²Shakarim University
(20A Glinki Str., Semey, 071412, Republic of Kazakhstan)
Master's Student
 <https://orcid.org/0009-0000-1865-6671>. E-mail: nasyrovf@gmail.com
*Corresponding author.

³Shakarim University
(20A Glinki Str., Semey, 071412, Republic of Kazakhstan)
Master of Humanities
 <https://orcid.org/0000-0001-6170-6996>. E-mail: alash.azamaty@mail.ru

© Valihanov IHE, 2026

© Karimov M., Nassyrov M., Rakhmetullin E., 2026

Abstract. Introduction. The life of the thinker Shakarim Hajy Qudaiberdiuly (1858–1931) in the 1920s–1930s coincided with the establishment of Soviet power and the consolidation of the totalitarian system. The life of the Hajy during this period remains one of the pressing research topics that has not yet been comprehensively covered. It is both important and necessary to study the thinker's life on the basis of biographical research, memoirs, and materials found in archival documents. *Goals and objectives* are to examine the life of Shakarim Hajy Qudaiberdiuly during the period of Soviet persecution on the basis of memoirs, sources, and archival documents. The main goal of the research is to analyze the thinker's life path in the 1920s–1930s within the context of the socio-political transformations of that time. Owing to the scarcity of fundamental works devoted to the spiritual, cultural, and especially historical significance of Shakarim qajy's life in "Sayatkora," this study seeks to disclose the topic as fully as possible. From this perspective, Shakarim's withdrawal from society during the establishment of Soviet rule is assessed as a conscious choice aimed at preserving his inner freedom, conscience, and creative independence. *Results.* The study analyzes the memoirs of Akhat Shakarimuly, the works of Shakarim Kudaiberdiuly written during the 1920s–1930s, as well as subsequent scholarly publications and archival documents. Particular attention is paid to the thinker's way of life in Sayatqora, his dedication to reading and literary activity, and the evolution of his views on conscience, honesty, freedom, and solitude under the conditions of increasing Soviet pressure. The findings demonstrate that Sayatqora was not a form of withdrawal

from public life, but rather a conscious choice aimed at preserving spiritual independence and creative freedom within a totalitarian system. *Conclusion.* The study allows the phenomenon of Sayatqora to be interpreted as one of the manifestations of the spiritual resistance of the Kazakh national intelligentsia under the conditions of a totalitarian society.

Keywords: Shakarim Hajy, Sayatkora, Akhat Shakarimuly, Soviet pressure, totalitarian system, memoir, history, philosophy, public activity

Acknowledgments: The article was prepared as part of the implementation of the grant financing project "Sayatkora's Shakarim: historical and ethno-archaeological research" (registration number: AP23489475).

For citation: Karimov M., Nassyrov M., Rakhmetullin E. The life of Shakarim Haji during the Soviet Period: in Memories and Sources // Asian Journal "Steppe Panorama". 2026. Vol. 13. No. 4. Pp. 950–965. (In Kaz.). DOI: 10.51943/3135-8055_2026_13_4_950-965

КЕҢЕСТІК ҚУДАЛАУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ШӘКӘРІМ ҚАЖЫ ӨМІРІ: ЕСТЕЛІКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕРДЕ

Каримов Мұхтарбек¹, Насыров Мадияр^{2}, Рахметуллин Еркін³*

¹Шәкәрім университеті

(20А, Глинка көшесі, 071412 Семей, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

 <https://orcid.org/0000-0001-8949-2512>. E-mail: Karimov_51@mail.ru

²Шәкәрім университеті

(20А, Глинка көшесі, 071412 Семей, Қазақстан Республикасы)

Магистрант, «Тарих және археология» ғылыми орталығының ғылыми қызметкері

 <https://orcid.org/0009-0000-1865-6671>. E-mail: nasiyrovf@gmail.com

*Автор-корреспондент.

³Шәкәрім университеті

(20А, Глинка көшесі, 071412 Семей, Қазақстан Республикасы)

Гуманитарлық ғылымдар магистрі

 <https://orcid.org/0000-0001-6170-6996>. E-mail: alash.azamaty@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Кармов М., Насыров М., Рахметуллин Е., 2026

Андатпа. *Kipicne.* XX ғ. 20–30-жылдарында ойшыл Шәкәрім қажы Құдайбердіұлының (1858–1931) ғұмыры кеңестік кезең мен тоталитарлық жүйенің күшейген жылдарымен тұспа-тұс келді. Сол кезеңдегі қажының өмірі бүгінгі таңда кең көлемде қамтылмаған өзекті зерттеу тақырыптарының бірі. Ойшылдың өмірін тұлғатану, естеліктер мен архивтік құжаттарда кездесетін материалдар негізінде зерделеудің маңызы да, қажеттілігі де зор. Зерттеудің мақсаты және міндеттері – Шәкәрім қажы Құдайбердіұлының кеңестік қудалау кезеңіндегі өмірін естеліктер мен деректер, архивтік құжаттар негізінде қарастыру. *Зерттеудің негізгі мақсаты* – ойшылдың XX ғ. 20–30-жылдарындағы өмір жолын сол кезеңдегі қоғамдық-саяси өзгерістер аясында талдау. Шәкәрім қажының «Саятқорадағы» өмірінің рухани және мәдени, әсіресе тарихи мәніне арналған іргелі еңбектердің аздығына байланысты осы тақырыпты ашу көзделді. Бұл тұрғыдан Шәкәрімнің кеңестік билік орныққан тұста елден оқшаулануы ішкі еркіндігін, ар-ұжданын, шығармашылық дербестігін сақтауға бағытталған саналы таңдауы ретінде бағаланады. *Нәтижелер.* Зерттеу барысында Ахат Шәкәрімұлының естеліктері, Шәкәрім қажының XX ғ. 20–30-жылдарындағы шығармалары, сондай-ақ кейінгі ғылыми еңбектер мен архивтік құжаттар негізге алынды. Ойшылдың «Саятқорадағы» тұрмысы, кітап оқып, жазу жазуға ден қоюы, ұждан, адалдық, еркіндік, жалғыздық туралы танымының

тереңдеуі кеңестік қысым жағдайымен сабақтастықта талданды. Нәтижесінде Саятқора Шәкәрімнің қоғамдық өмірден оқшаулануын емес, кеңестік тоталитарлық қысым жағдайында рухани дербестік пен шығармашылық еркіндікті сақтауға бағытталған саналы таңдауын білдіретіні анықталды. *Қорытынды.* Зерттеу Саятқора феноменін ұлттық интеллигенцияның тоталитарлық қоғам жағдайындағы рухани қарсылық тәжірибесінің бір көрінісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Шәкәрім қажы, Саятқора, Ахат Шәкәрімұлы, кеңестік қысым, тоталитарлық жүйе, естелік, тарих, фәлсапа, қоғамдық қызмет

Алғыс айту: Мақала «Шәкәрімнің Саятқорасы: тарихи және этно-археологиялық зерттеу» (тіркеу нөмірі: AP23489475) гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында дайындалды.

Дәйексөз үшін: Каримов М., Насыров М., Рахметуллин Е. Кеңестік қудалау кезеңіндегі Шәкәрім қажы өмірі: естеліктер мен деректерде // Asian Journal "Steppe Panorama". 2026. Т. 13. № 4. 950–965 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/3135-8055_2026_13_4_950-965

ЖИЗНЬ ШАКАРИМА КАЖЫ В ПЕРИОД СОВЕТСКИХ РЕПРЕССИЙ: В ВОСПОМИНАНИЯХ И ИСТОЧНИКАХ

Каримов Мухтарбек¹, Насыров Мадияр^{2}, Рахметуллин Еркін³*

¹Шәкәрім университет

(20А, ул. Глинки, , г. Семей, 071412, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, профессор

 <https://orcid.org/0000-0001-8949-2512>. E-mail: Karimov_51@mail.ru

²Шәкәрім университет

(20А, ул. Глинки, г. Семей, 071412, Республика Казахстан)

Магистрант, Научный сотрудник научного центра «История и археология»

 <https://orcid.org/0009-0000-1865-6671>. E-mail: nasiyrovf@gmail.com

*Автор-корреспондент.

³Шәкәрім университет

(20А, ул. Глинки, г. Семей, 071412, Республика Казахстан)

Магистр гуманитарных наук

 <https://orcid.org/0000-0001-6170-6996>. E-mail: alash.azamaty@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Кармов М., Насыров М., Рахметуллин Е., 2026

Аннотация. *Введение.* Жизнь мыслителя Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы (1858–1931) в 20–30-е годы XX века совпала с установлением советской власти и тоталитарной системы. Жизнь қажы в этот период на сегодняшний день относится к числу актуальных исследовательских тем, до сих пор не получивших широкого освещения. Особое значение и необходимость имеет изучение жизни мыслителя на основе материалов, встречающихся в биографических исследованиях, воспоминаниях и архивных документах. *Цель и задачи исследования* – рассмотрение жизни Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы в период советских преследований на основе воспоминаний, источников и архивных документов. Основная цель исследования – проанализировать жизненный путь мыслителя в 20–30-е годы XX века в контексте общественно-политических изменений того времени. В связи с недостатком фундаментальных трудов, посвящённых духовному, культурному и особенно историческому значению жизни Шәкәрім қажы в «Саятқора», предпринята попытка максимально полно раскрыть данную тему. В этом контексте уединение Шәкәрім в период установления советской власти рассматривается как его осознанный выбор, направленный на сохранение внутренней

свободы, совести и творческой самостоятельности. *Результаты.* В ходе исследования были проанализированы воспоминания Ахата Шакаримулы, произведения Шакарима Кудайбердиева 1920–1930-х годов, а также последующие научные труды и архивные документы. В центре внимания находились образ жизни мыслителя в Саятқора, его сосредоточенность на чтении и литературном творчестве, а также эволюция его представлений о совести, честности, свободе и одиночестве в условиях усиливающегося советского давления. В результате установлено, что Саятқора являлась не формой ухода от общественной жизни, а осознанным выбором, направленным на сохранение духовной независимости и творческой свободы в условиях тоталитарной системы. *Заключение.* Исследование позволяет рассматривать феномен Саятқора как одно из проявлений духовного сопротивления национальной интеллигенции в условиях тоталитарного общества.

Ключевые слова: Шакарим кажы, Саятқора, Ахат Шакаримулы, советское давление, тоталитарная система, воспоминание, история, философия, общественная деятельность

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации грантового исследования АР 234894745 «Саятқора Шакарима: историческое и этно-археологическое исследование».

Для цитирования: Каримов М., Насыров М., Рахметуллин Е. Жизнь Шакарима кажы в период советских репрессий: в воспоминаниях и источниках // Asian Journal "Steppe Panorama". 2026. Т. 13. № 4. С. 950–965. (На каз.). DOI: 10.51943/3135-8055_2026_13_4_950-965

Кіріспе

Шәкәрім кажы өмірінің трагедияға толы кезеңі, сөз жоқ, кеңестік тоталитарлық жүйе басталған уақытқа сәйкес келеді. Сонау Кеңес өкіметі орнаған 20-жылдардың басынан-ақ жаңа биліктің қысымнан тұратын табиғатын білген ақын, өзінің ешқандай да саясатқа араласпайтынын, бейтарап болатынын білдіруге тырысты. Оның басты көрінісі Шәкәрім кажының Шыңғыс тауларының ішіндегі қиянға кетіп, «Саятқора» деген атпен өзіне тұрақ-мекен салып, өз бетімен өмір сүруге жасаған әрекеті. Осы мәселені қарастырғанда, тегі Шәкәрім кажы өзінің шығармашылығымен одан әрі елден жырақта, Саятқорадай тыныш жерде айналысқысы келген болар деген болжамды естеліктер тұрғысынан қайта қарап, баға беру жағынан өзекті болмақ.

XX ғасырдың алғашқы жартысы қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік және рухани өмірінде түбегейлі өзгерістер орын алған күрделі тарихи кезең болды. Кеңестік биліктің орнығуы, дәстүрлі қоғамдық қатынастардың күйреуі, ұжымдастыру науқаны, тәркілеу саясаты және саяси қуғын-сүргіндер қазақ халқының тағдырына зор ықпал етті. Осы үдерістердің аясында қазақ руханиятының көрнекті өкілі, ойшыл, ақын және ағартушы Шәкәрім Құдайбердіұлының өмір жолын зерттеу ерекше ғылыми маңызға ие.

Шәкәрімнің кеңестік кезеңдегі ғұмыры оның шығармашылық және дүниетанымдық кемелдену кезеңімен айқындалады. Ал бұл уақыт қазақ қоғамындағы саяси қысымның күшеюімен және ұлттық зиялыларға қатысты сенімсіздік саясатымен ерекшеленді. Сондықтан ойшылдың соңғы өмір кезеңін зерттеу қазақ қоғамының рухани ахуалын, билік пен ұлттық интеллигенция арасындағы қатынастарды және тоталитарлық жүйенің дәстүрлі дүниетанымға әсерін зерделеуге мүмкіндік береді.

Шәкәрімнің кеңестік кезеңдегі өміріне қатысты мәселелер тәуелсіздік жылдарынан бастап бірқатар зерттеулерде қарастырылғанымен, оның 1920–1931 жылдар аралығындағы қоғамдық ұстанымы, кеңестік саясатқа көзқарасы, оқшаулану себептері және өмірінің соңғы кезеңіндегі қызметі әлі де терең ғылыми талдауды қажет етеді.

1920-жылдардың басында Кеңес мемлекеті әлі қалыптасу сатысында болғанымен, онжылдықтың соңына қарай әкімшілік-өміршіл басқару жүйесі күшейіп, қоғамдық өмірдің барлық саласын қатаң бақылауға алу үдерісі басталды. Бұл өзгерістер қазақ даласындағы дәстүрлі әлеуметтік құрылымдарды ғана емес, рухани ортаны да түбегейлі өзгертті. Осындай тарихи жағдайда Шәкәрім Құдайбердіұлы қоғамдық-саяси тартыстардан алшақтап, шығармашылық пен рухани ізденіске ден қою жолын таңдады. Оның Шыңғыстау өңіріндегі

Саятқорада оңашалануын кездейсоқ құбылыс ретінде бағалауға келмейді. Керісінше, күрделі тарихи жағдайда рухани тәуелсіздігін сақтауға бағытталған ұстанымының көрінісі болды. Тек кеңестік биліктің бақылау жүйесі қажының бұл таңдауын да қауіпсіз ете алмады. Нәтижесінде Шәкәрім кеңестік саяси қуғын-сүргіннің құрбанына айналып, 1931 жылы сотсыз атылды.

Шәкәрім қажының кеңестік кезеңдегі өмір жолын зерттеу тұлға тағдырын қалпына келтірумен ғана шектелмейді. Ол тоталитарлық жүйе жағдайындағы ұлттық интеллигенцияның тарихи тағдырын, рухани қарсылықтың ерекшеліктерін және қазақ қоғамындағы саяси өзгерістердің адам өміріне ықпалын түсінуге мүмкіндік беретін өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің негізгі деректік қорын Шәкәрімнің кеңестік кезеңдегі өміріне қатысты естеліктер мен архивтік құжаттар құрады. Әсіресе Ахат Шәкәрімұлының өз әкесімен Саятқорадағы өмірлерін сипаттайтын естеліктері басты дереккөз ретінде пайдаланылды (Шәкәрімұлы, 1992: 3–52). Өйткені ол әкесінің өмір салты, «Саятқораға» қоныстануы, елмен қарым-қатынасы, соңғы жылдардағы ахуалы жөнінде мағлұмат қалдырған бірден-бір тұлға, сол заманның куәгері. Шәкәрім қажының ғұмыры мен ақталу ісіне қатысты зерттеулер мен естеліктер жинақталған тағы бір маңызды басылымдардың қатарына «Мұтылғанның» тағдыры» мұқабасымен шыққан ғылыми еңбекті жатқызамыз («Мұтылғанның» тағдыры, 2013). Зерттеуге қатысты естелік материалдардың қатарында Хафиз Матаевтың жазбаларын архивтік құжаттармен салыстыру мүмкіндігі туады (Жанғалиев, 2008: 130–166). Шәкәрім қажының кеңестік кезеңдегі өміріне қатысты естеліктер қатарында ұрпақтарының, соның ішінде Тауфиқ Досаевтың естелігі бағалы (Досаев, 1998). Т. Досаев Шәкәрімнің Жәкіш деген қызынан туған жиені. Сол заманның куәгері Шәкәрім қажының ұлы Зият сынды ұрпақтарымен тығыз араласып, қажы жөнінде жинаған естелік материалдарын қағаз бетіне түсіріп қалдырған Ахаттай жалғыз тұяқ ұрпақтарының бірі.

Абай облысы мемлекеттік архивінің (бұдан әрі: АОМА) қорларында, атап айтқанда Облыстық партия комитеті топтамаларында Шәкәрім Құдайбердіұлының ақталуы мен ақтау ісіне қатысты естелік материалдары кездеседі. XX ғасырдың екінші жартысына тән архивтік құжаттар болғандықтан, бұл материалдар Шәкәрім қажының кеңестік кезеңдегі тұрмысы мен шығармашылығын зерттеуде құнды деректік негіз қызметін атқарады (АОМА. 103-к., 9-т., 158, 159-іс).

Аталған кезеңдегі деректерді дереккөз ретінде қарастырудың ғылыми негізі олардың қажы өміріндегі дүниетанымдық ұстанымын, тарихи ахуалға қатынасын және тұлғалық болмысындағы ішкі өзгерістерді тікелей немесе жанама түрде бейнелеуінде жатыр. Шәкәрім қажының XX ғ. 20–30-жылдарындағы шығармалары оның саяси қысым күшейген дәуірдегі ғұмырын тануға мүмкіндік беретін маңызды деректік қабат болып қабылданады.

Жоғарыда аталған материалдық базаны теориялық тұрғыда тарихилық, тұлғатану, объективтілік, деректанулық ұстанымдар негізінде қорыту арқылы жинақы зерделеуге қол жеткіземіз.

Зерттеу барысында деректанулық талдау әдісі кеңінен қолданылды. Оның негізінде естеліктер және ғылыми әдебиеттердің ақпараттық мүмкіндіктері мен сенімділік деңгейі анықталды. Сонымен қатар салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы әртүрлі дерек көздеріндегі мәліметтер өзара салыстырылып, олардың мазмұндық ерекшеліктері мен ортақ тұстары айқындалды.

Мақалада талдау және синтездеу әдістері арқылы жинақталған материалдар жүйеленіп, Шәкәрім қажының кеңестік кезеңдегі өмір жолына қатысты деректер мен ғылыми тұжырымдар қарастырылды. Пәнаралық зерттеу тәсілдері қолданылып, тарих, әдебиеттану және тұлғатану ғылымдарының ғылыми тұжырымдары өзара сабақтастықта пайдаланылды.

Талқылау

Шәкәрімтанудың қалыптасу тарихына қарағанда, ойшыл мұрасын жүйелі зерттеу ісі тоталитарлық кезеңде емес, негізінен ақталу үдерісінен кейін, 1988 жылдан бері қарай өріс алғанын байқаймыз.

Шәкәрім мұрасын ғылыми тұрғыдан орнықтырған ірі тұлғалардың бірі – ғалым Қайым Мұхамедханов. Ол шәкәрімтанудың негізін қалаушы текстолог, әрі Шәкәрімді ақтау жолында нақты азаматтық және ғылыми әрекет жасаған зерттеуші болды. Қ. Мұхамедханұлы алғашқылардың бірі болып 1989 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде Шәкәрім шежіресін жариялап, ғұмыры мен шығармашылығына тоқталған (Мұхамедханов, 2008: 5–20). Ғалымның қажыға байланысты шығармалары тәуелсіздік жылдары бірнеше мәрте жарық көріп, дереккөз ретінде пайдаланылуда. Ол 1958 жылғы ақталу құжаттарын, мұрағаттық материалдарды жинап, 1987–1988 жылдары қайта көтерілген ақтау жұмысына тікелей араласты (Вопросы Шакаримоведения, 2007: 125–142).

Шәкәрімнің кеңестік кезеңдегі тағдырын, әсіресе оның Алашпен байланысын, кеңестік идеологияның бұл тақырыпты ұзақ уақыт жабық ұстағанын арнайы сөз еткен ғалымдардың қатарында т.ғ.д. Ерлан Сыдықовты атауға болады (Сыдықов, 2013). Е. Сыдықовтың еңбектерінде Шәкәрімнің Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметіне қатысы қоғамдық қызметтері және кеңестік биліктің бұл мәселелерді идеологиялық тұрғыдан бұрмалау себептері жан-жақты талданады. 73 жасында дүниеден өткен Шәкәрімнің еркіндік пен жалғыздық жайлы түсінігі аса терең. Осы тұрғыдан алғанда, Шәкәрімнің «Саятқораны» тұрғызып, өмірінің соңғы он тоғыз жылын сонда өткізуі мәдени-философиялық мазмұны терең, айрықша құбылыс ретінде танылады. Жаңа зерттеулерде бұл құбылысты т.ғ.д., ғалым Ерлан Сыдықов пен философ-ғалым Тұрдықұл Шаңбай қазақ рухани тарихындағы ерекше феномен ретінде бағалаған (Сыдықов Е., Шаңбай Т., 2025: 22).

Семейдегі шәкәрімтану мектебінің институционалдық тұрғыдан қалыптасуына философ-ғалым Тұрдықұл Шаңбайдың еңбегі, мысалы, «Шәкәрім» энциклопедиясын (Шәкәрім, 2008), көптомдық «Шәкәрімтану мәселелері» жинағын және «Шәкәрім» ғылыми журналын жолға қоюға ұйытқы болды. Бұл орта кейін Шәкәрімнің өмірі, философиясы, діні, Алашпен байланысы, баспасөздегі орны сияқты салаларды кешенді зерттеуге мүмкіндік берді (Шәкәрімтану мәселелері, 2007).

Тәуелсіздік жылдары Ғарифолла Есім, Балтабай Әбдіғазизұлы, Зәки Ахметов, Мекемтас Мырзахметұлы, Әбсаттар Дербісәлі сияқты ғалымдар Шәкәрім қажы мұрасын философиялық, әдеби-эстетикалық, діни-танымдық қырынан тереңдетіп, шәкәрімтанудың теориялық аясын кеңейтті (Шәкәрімтану мәселелері, 3-т., 2007).

Балтабай Әбдіғазизұлы ойшылдың кеңестік кезеңдегі шығармашылығына мән беріп, бірнеше мақаласын жарыққа шығарды. Оның, мысалы, Шәкәрім қажының «Нартайлақ-Айсұлу» поэмасына тоқталып, ертеректе жазылған поэмаларымен салыстыра жазған мақаласы да осы зерттеуге дереккөз болмақ. Зерттеушінің пайымдауынша, бұл шығарма Шәкәрімнің ертеректе жазылған «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» сияқты поэмаларымен тақырыптық сабақтастықта қарастырылғанымен, қажы өмірінің соңғы кезеңінде жазылған туындысы ретінде өзіндік ерекшелікке ие (Шәкәрімтану мәселелері, 4-т., 2007: 28).

Шәкәрім қажының XX ғ. 20–30-жылдарындағы өмірі, яғни кеңестік бақылау күшейген шақтағы оңашалануы, күдікке ілінуі, ұсталу себептері, өлімі және ақталу тарихы көбіне шәкәрімтану еңбектерінің бір тармағы ретінде ғана қарастырылып келді. Бұл мәселені дербес зерттеу үшін ғылыми әдебиетпен қатар ақталу құжаттары, архивтік материалдар және кейінгі деректік-публицистикалық еңбектер қатар пайдаланылуы қажет.

Дегенмен Шәкәрімтануда қажының өмірі мен шығармашылығына арналған зерттеулер бар болғанымен, оның, әсіресе, XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы өмір жолын тарих ғылымы тұрғысынан арнайы, кешенді түрде қарастырған іргелі еңбектер әлі де аз, тіпті жоқты қасы. Осы олқылықты ескере отырып, бұл мақалада Шәкәрімнің кеңестік кезеңдегі өмірін

естеліктер, архивтік деректер және шығармашылық мұрасы негізінде тарихи қырынан зерделеу арқылы зерттеудегі осы бос кеңістіктің орнын белгілі бір дәрежеде толтыру көзделді.

Нәтижелер

XX ғ. басындағы күрделі саяси-әлеуметтік оқиғалар контекстінде «Саятқора» Шәкәрім қажының еркін ой кеңістігін іздеуінің анық көрінісі еді. Алайда кеңестік қыспақ Шәкәрімнің бұл таңдауына әсер етпей қоймады. Тіпті төңкеріске дейін де 1912 жылдан бастап елден оқшауланып, жазу-сызуға біржола берілгенімен, кейін жаңа жүйе Шыңғыстау көтерілісін ұйымдастырды деген айып тағып, бейтарап қалғысы келген тұлғаның тыныштығын бұзды.

«1912 жылдың жазында «Кеңқоныс» деген жайлауынан қора салдырып, қыста қыстап барып, сонда жататын болды... Алты жылға тақау осылай жүріп, 1918 жылдың қысында, он төрт жасынан біздің ауылда болған руы керей – «Әуіш» деген жан жолдасын қайтарып жіберіп, өзі жалғыз жататын болды...» – дейді ұлы Ахат өз естелігінде (Шәкәрімтану мәселелері, 1-т., 2007: 175).

Шәкәрім қажы тоталитарлық жүйе орнамай тұрып-ақ, елдің саяси-әлеуметтік жағдайының өзгеріске ұшырай бастағанын сезгендей, оқшаулануға бет бұрған. Ал 1918 жылға қарай бұл ұстаным оның еркіндік туралы түсінігімен терең сабақтасып, соның бір көрінісі ретінде Әуішті еркіне жіберуімен сипат алады. Оны Шәкәрім қажының өз сөзінен де байқаймыз:

«Жоқ, Әуіш! Сен мені ұғасың. Менің қайғы-қуанышыма ортақ екенінді білемін. Шын маған жаның ашыса, елге бар. Мен сенің еркінді байлап, неше жыл қасымда ұстадым. Әрине, сен менің қасымда болғаныңа ренжімейтінінді жақсы білемін. Бірақ адамның еркін байлау – құлданумен бір себеп...» – деген терең ойымен бір шешімге келген (Шәкәрімтану мәселелері, 1-т., 2007: 175).

1917 жылғы төңкерістен кейінгі қоғамдық-саяси сілкіністер жағдайында Шәкәрім қажының белсенді саяси әрекеттен шет қалуы да кездейсоқ құбылыс емес. Керісінше, бұл оның тарихи аласапыран дәуірде өмірдің мәнін, ел мен әлем тағдырын, адамдық болмыстың түйінді мәселелерін терең пайымдауға бағытталған рухани таңдауы ретінде бағалануы мүмкін. Әуішті еліне жіберу туралы шешім де Шәкәрім қажының сол кезеңдегі саяси өзгерістерді терең пайымдауы мен бірнеше жылға созылған ішкі толғанысының нәтижесі ретінде сипат алып тұрғандай. XX ғасыр басындағы тарихи күйзелістерге тұлғалық деңгейде берілген саналы рухани жауабы іспетті.

Шәкәрім қажының «Саятқорасындағы» ғұмыры аз зерттелген кезеңдердің бірі болғандықтан, көбіне оның шығармашылығына және естеліктерге жүгінуге тура келеді. Ұлы Ахаттың хабарлауынша, 1924 жылы қажының бұрынғы қорасы орналасқан жер крестьян шаруаларға берілсе, 1925 жылы Шақпақтың күнгей бетінен, бұрынғы қорасынан он бес шақырымдай ары, жайлаудан жаңа «Саятқора» салынады. Қыстай сол қорасында жазуын жазып, кітаптарын оқып жатады (Шәкәрімтану мәселелері, 1-т., 2007: 176).

Шәкәрім қажының «Саятқорадағы» өмірі, әрине, өзіне ғана тән шешімнің нәтижесі. Сан жауабы болуы мүмкін тарихи-мәдени, рухани феномен, тұлғаның ішкі еркіндігін сақтауға бағытталған шығармашылық кеңістік. Қажының соңғы жылдардағы еңбектері аса маңызды. «Шынында, Шәкәрім Шығыс әдебиетіне жүйрік болған, көп оқыған, Шығыс ақындарының кейбіреулерінің шығармаларын қазақ тіліне аударған. Әкей өлеңді ойланып жазатын. Көбінесе үйде, далаға шығып кетіп жазған кездерін де көрдім» – дейді ұлы Ахат (Шәкәрімтану мәселелері, 1-т., 2007: 176).

Шығыс фәлсапасын терең меңгерген ойшыл ретінде ол адам болмысы, жан, ар, иман, еркіндік, өмірдің мәні сияқты іргелі мәселелерге үнемі жауап іздеген тұлға. Осындай ішкі сұрақтарға ден қойып, оларды сыртқы күйбеңнен алыс жағдайда пайымдау қажеттілігі ақынды оңаша өмір сүруге итермеледі. Екінші жақтан, кеңестік жүйенің біртіндеп қатаң сипат ала бастауы, еркін ойға күдікпен қарауы ойшылды сақтыққа жетелесе керек. Оның саясаттан және көпшілік ортадан алшақтауы өз ойын еркін қорытып, оны қағаз бетіне түсіруге қолайлы

жағдай жасау, артынша сол еңбектерінің өзіне де, ортасына да кесірін тигізбей, мүмкіндігінше аман сақталуын ойлаған саналы шешімімен байланысты деп пайымдай аламыз.

1918 жылдары кеңес өкіметі қазаққа соттықты берген соң, ондағы алаш азаматтары облыстық соттың бастығы етіп сырттан әкейді, яғни, Шәкәрім қажыны сайлаған... Сол кезде Семейде жас қыздың жас мұғалім жігітпен қашып, артынан дау шығарған жұрттың мәселесін шешуде Шәкәрім қажы жауапты болады. Әкей: «Ақсақал! Істі олардың берген жауаптары шешеді. Оған ел алаң болмасын. Біз ардан, адамдықтан аттап, билік айтпаймыз! – деді. Қажының айтқанындай, соттың шешімі қыздың құқығын қорғайды. «Біздің сот – ар соты, ардан, адамгершіліктен аспай, әділін айтамыз...» – деген қорытынды шығарады. Алайда жесірін ойлап, менмендігіне жүгінген Ыспан қажы Шәкәрім қажының шешіміне наразылық білдіреді... Әкей: «Мен босқа әуре болып жүр екем! Басшылардың елді ел қылатын түрі жоқ! Баяғы күндестік! Баяғы мансап құмарлық! Өзімшілдік! .. Ел оқығандары ғой, елді адал жолға бастайды бұлар деп сеніпін! Қаталасыппын!» – деді. Сол түнде Шәкәрім қажы «Партия қуған өңкей қырт», «Тыныштық жоқ, тыным жоқ» – деп басталатын өлеңдерін қолма-қол, ашу үстінде жазды... Сөйтіп, әкей ауылға қайтып кетті. Аз күн ауылда болып, жайлаудағы қорасына барып жетіпті. Сол қыста қасындағы Әуіпшіт қайтарып, өзі жалғыз жатты» (Шәкәрімтану мәселелері, 1-т., 2007: 178–182).

Семейде куә болған әлеуметтік әділетсіздік пен рухани күйзеліс Шәкәрімнің ішкі ой-толғанысын бұрынғыдан да тереңдетіп, оны «Саятқораға» кері апарады. Жаңа жүйе орнаса да, сот билігі жұмысын атқарса да, Семей қаласында еркіндікке зар болып жүрген қыздың тағдыры ойшылға әсер етсе керек, далада, еркіндікте жүрген Әуіпшіт өзін сол жылы үйіне қайтарып жібергенін көреміз. Осы тұрғыдан алғанда, Әуіпшіт еліне қайтаруы мен өзінің оңаша өмірді тандауы арасында терең ішкі байланыс бар. Осыдан кейін Шәкәрім қажы халықтың саяси өмірінен алшақ қалып, шығармашылыққа назар қояды.

1918 жылы қажының «Шын бақыттың айнасы» деген тақырыппен «Абай» журналында мақаласы жарық көреді. Бұл кез ойшылдың философиялық жақтан толғаныста қалып, кемелденген кезі. Шығармада жапан түздегі айнаға кезіккен адам айнаның маңдайшасындағы шын бақыттың айнасы деген жазуды көреді (Шәкәрім, 2008: 755–756). Сол кезде Шәкәрім қажы «шын бақ» сол айнаның түбіндегі ата-анадағы шын махаббат пен балалардағы шын таза жүрек еді» – деген ойын қозғайды. Түптің түбінде шын бақыт – баланың ата-анаға деген бейкүнә махаббат іспетті, соны сақтап қалу, қалдырмай, бұзбай ала жүруде екенін жеткізеді.

Сол жылы шыққан «Ұлтшылдық туралы» мақаласы да адамгершілікке, ұждан мен махаббатқа негізделген ойды қамтыған (Құдайбердіұлы Ш., 1918: 14–16). Бұл тұста ол: «Ұлтшылдықтан мәдениет, мәдениеттен адамшылық туады» деген Мәнненің пікіріне келіспейтінін білдіріп, оған қарсы өз уәжін ұсынады. Шәкәрім қажының пайымдауынша, ұлтшылдық пен мәдениеттің ең биік сатысына жеткен Еуропаның өзі шынайы адамгершілікке толық қол жеткізбеген. Ойшыл ақ жүректілікті ұждан ұғымымен сабақтастырып, ұжданды бүкіл жан иесіне махаббатпен қарау, шапағат көрсету және әділет орнату деп түсіндіреді. Оның пікірінше, адамзат арасында ақ жүректілік кеңінен орнықпайынша, шынайы адамшылық та салтанат құра алмайды.

Шәкәрім қажы осы екі мақаласын жазған уақыт аралығында кеңестік жүйенің алғышарттары сезіле бастап, азаматтық соғыстың өршіген шағы. Ел тағдырына уайымдаған ол саясатты ығыстырып, барынша ұждан, махаббат түсініктерін халқына жеткізуге тырысады. Қара халықтың әлеуметтік жағдайына да мән беріп, тұрмыстың ауыртпашылығын өне бойымен сезінеді. 1922–1923 жылдары Шығыс әдебиетімен сусындаған ойшылдың «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасы «Шолпан» журналында жарық көреді. Дастанның өзі 1907 жылы жазылған. Кейінгі жылдары «Қазақ айнасы» өлеңдер жинағымен басылып, халыққа тарайды (Шәкәрім, 2003: 235–285). Бұл поэмада да махаббаттың көрінісі арқылы адалдық, тазалық мәселесі жырланады. Ақынның гуманистік мұраттары алға шығады.

1923 жылы «Еңбекші қазақ» басылымында «Бір мәселе (Қазақ тілі іске ассын деген қаулы туралы)» мақаласы шығады. Сол жылдың қазан айында Семейдегі белгілі басылым «Қазақ тілі» газетінде Шәкәрім қажының «Қазақ балаларының оқу орыс тілінде қойылған мектептерге

қашуы неліктен?» тақырыбында ой-толғауы жарияланады. Осы екі мақаланың құрылымдық сипаты мен негізгі ойы бір – тіл мәселесі. Тоталитарлық жүйенің орнығу кезеңінде ойшылдың өз «Саятқорасында» қала тұра, бұл тақырыпты назардан тыс қалдырмай көтергені байқалады. Бұл тұста Шәкәрім қажының қоғамдық мәселелерге деген белсенділігінен гөрі, халқына деген терең алаңдаушылығы мен ұлт болашағына қатысты жауапкершілік сезімін көреміз. XX ғ. 20-жылдары шиеленіскен ұлттық және қоғамдық тақырыптар оқшаулануға бет бұрған Шәкәрім қажының өміріне әсер етпей қоймағанын оның осы мерзімді басылымдарға шығып отырған мақалаларынан көреміз. Бір жағынан оның мерзімді басылымдардағы белсенділігінің себептері қатарында сол кезеңдегі газет-журнал редакторлары тарапынан түскен өтініштер мен ұсыныстардың ықпалы болғанын да жоққа шығара алмаймыз.

Шәкәрім қажының шығармалары мен ұрпақтарының естеліктерінде оқшаулану қоғамнан немесе ел алдындағы азаматтық жауапкершіліктен бас тарту ретінде түсіндірілмейді. Керісінше, бұл құбылыс ойшылдың күрделі қоғамдық-саяси жағдайда өзінің рухани дербестігін сақтауға, шығармашылық ізденістерін жалғастыруға және дүниетанымдық ұстанымдарын сыртқы қысымнан қорғауға бағытталған саналы таңдауы ретінде көрініс табады. Шәкәрім қажының ұлы Ахаттың естеліктерінде қалған сөздеріне тоқталсақ, оның ішкі күйзелісі мен қайсарлығын қатар көреміз. Кеңестік қыспақтың күшеюіне қарамастан, ойшыл қаламын жерге тастаған жоқ: «Мен жалғыз қалдым. Өз ойымды, өз арымды сақтап қалайын деп, адам атымды ақтап алайын деп, жапанға қаштым. Сондағы менің ойым, мақсатым не, білесіңдер ме? Қалған өмірімді жазумен, ізденумен өткізбек болғам. Сол ойымды, тапқанымды жазып кейінгіге қалдырмақ болдым» (Шәкәрімұлы, 1992: 28). Осы бір терең ойының жемісі ретінде қазақтың мерзімді басылымдарында Шәкәрім қажының мақалалары сақталды, бүгінгі буынға жетті.

Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығының жан-жақтылығы өзі меңгерген дүниелерді қазақ оқырманына рухани азық ету мақсатын көздеген аудармашылық қызметінен де ашық көрінеді. Атап айтқанда, ол әлеуметтік мазмұндағы туындыларды тәржімалау арқылы ұлттық сана мен қоғамдық ойдың дамуына үлес қосуға ұмтылған. Орыс әдебиетімен Абай заманынан таныс болған Шәкәрім қажының аударма әрекеттері төңкеріске дейін көрініс тапқан. Ақын, филолог Өтеген Күмісбаевтің айтуынша, Пушкинді қырда қазақша сөйлеткен Абай ұстазынан кейін Шәкәрім Құдайбердіұлы Пушкин прозасына қайтып оралды. «Дубровский» мен «Боран» хикаясын өлеңмен өрнектеп, қазақ тыңдаушысына танымал, жақын уақиға етіп береді (Шәкәрімтану мәселелері, 2-т., 2007: 257). 1900–1910 жылдары аудармашылықпен айналысқан ақын «Саятқорадағы» оқшаулануынан кейін барлық еңбектерін ой елегінен өткізіп, қағаз бетіне түсіруі де мүмкін. Осылайша, өзінің көзі тірісінде 1924 жылы «Дубровский» аудармасы кітап болып басылып шығады. Идеялық жағынан «Дубровскийді» таңдауында кездейсоқтық болмас. Пушкин шығармасының өзегінде әділетсіздік, билік озбырлығы, әлеуметтік теңсіздік, ар мен кек, махаббат пен қақтығыс сияқты мәселелер тұр. Басқаша айтқанда, ол «Дубровскийді» өз заманындағы әдеби үлгі болғаны үшін емес, қазақ оқырманына ой салатын қоғамдық сипаты болғаны үшін аударған деп білеміз.

Шәкәрім қажының «Саятқорасы» оны өзінің ішкі әлемінде толқып жатқан сан сұрақтың жауабын іздеуіне септік болған құтты қоныс. Ойшылдың жауап іздеудегі тер төккен еңбектері әдеби-фәлсапалық шығармаларынан, өлеңдерінен, аудармаларынан көрініп-ақ тұр. Кеңестік саясаттан безіп, көңілі қалса да, Шәкәрім қажы елінен, қоғамнан еш теріс айналған жоқ. Рухани ол өз халқымен бірге қалды.

1928 жылы тоталитарлық жүйе мен сталиндік зұлымдықтың белгілері күллі мемлекетке тарап, бай-кедейіне, жас-кәрісіне қарамай барлық әлеуметтік топтардың тағдыры белгісіздікке ұшырайды. Қауіпті де әділетсіз, түсініксіз бір жүйе. Қажының «Саятқорадағы» үрейі де осы еді. Белгісіздік, бұлыңғыр бір болашақ, бұлыңғыр бір қоғам.

Көмпескеге Шәкәрім қажы да ұшырайды, тек сол жылдары оны жақтап шыққандар бар болып, тағдырдың жазмышымен саяси науқаннан аулақ қалады. Тіпті оған: «Ол – болыс болған. Қажыға барған. Жалшы ұстаған, оның еңбегін қанаған. Алашордаға шілен, аға сұлтан

болған Құнанбайдың немересі, бұл жағынан кәмпескеге толық жатады» дегендер де болған (Шәкәрімтану мәселелері, 1-т., 2007: 192).

Сонда 1929 жылы Алматыдан хат келіп, қажыны ғылымға шақырған кезде, Ахат балалары қуанып жүргенде, Шәкәрім қажы «Саятқорасындағы» күйге қайта түсіп, бәрін алдан сезіп отырғандай, ел алдындағы, өзінің ұжданы алдындағы орнын анық сездіртеді. Ойшылдың тұтас фәлсапалық жүйесін бір сөйлем арқылы жинақтап беруі оның көп жылдық рухани ізденісінің, жан азабы мен ішкі ұжданының көрінісі болып жаңғырап шығуы, міне, осыда жатыр: «Менің айтқан нақыл сөзім бар еді. Сол айтқанымдай, сендер де, басқалар да мені танымайсыңдар деп ренжуімнің қажеті жоқ екен!» – деп үндемей қалады Шәкәрім қажы (Шәкәрімтану мәселелері, 1-т., 2007: 193). Тіпті бұл жерде де, саяси әділетсіздікке қарамастан, ойшылдың адамзатқа деген көзқарасы адалдық пен әділеттілікке бағытталып тұр. Шәкәрім қажы «елден жырақ жатып-ақ» елдің жағдайын өзгеден артық түсінгендей, ұлы Ахатқа өзінің ойын жеткізген.

«Бұл уақыт әлі орнығып болмаған уақыт. Келешек алда. Ал, хош, делік, мен тарихты зерттеп отырармын. Сонда білген анық тарихты жазсам, ол осы уақытқа қайшы келер. Сол кезде олар маған не айтпақ? Мынауыңыз бұл кезге сай келмейді, былай жазыңыз демей ме? Егер мен білген нақты тарихты бұрмалап, тек осы кезеңге сәйкестендіре жазсам, сонда мен кім болам? .. Сонда мен тарих алдында, арлы адамдар алдында кім боп шығам? Бір өлмей, екі өлгенім болмай ма?» (Шәкәрімтану мәселелері, 1-т., 2007: 193–194).

Шәкәрімнің «Саятқорадағы» фәлсапасын түсіну үшін оның ұждан туралы ілімін негізгі өзек ретінде қарастыру қажет. Ойшылдың «арлы адамдар алдында кім боп шығам?» деген риторикалық сұрағында жасырын жауабы да тұр. «Арлы адам». Себебі, кейінгі ізденістерінде Шәкәрім қажы өзінің болмысымен қатар, халықтың рухына да зейін қойып, көп толғанады. Бұл туралы академик-философ Ғарифолла Есім орынды талдаған (Родник, 2024: 270). Ой қорытпаларының нәтижесі болған «Үш анықта» Шәкәрім қажы «екі өмірге де керекті іс – ұждан» деп, ұжданды «ынсап, әділет, мейірім» ұғымдары тұрғысынан түсіндіреді. Міне, тіпті осындай саяси-әлеуметтік жағдайдың күрделеніп, балалары Саятқорадан Алматы сияқты қалаға барамыз деген қуанышын қатар сезінген кезде, Шәкәрім қажы ақ пен қараның қатар жүретінін біліп, екі жақты да ескеріп, адалдық жолынан шықпайды. Оның фәлсапасында адалдық сыртқы мінез-құлық ережелерден гөрі ұжданнан туындайтын ішкі тазалықтың көрінісі. «Бір өлмей, екі өлгенім болмай ма?» – дейді Шәкәрім қажы ұлы Ахатқа. Бұл жауапта біз адамның өлімі емес, адамның ішіндегі ардың өлуі, демек дүниеден ардың кеткені деген қажының терең ойын, күйзелісін көргендей боламыз. Шәкәрім қажы 1928–1929 жылдардағы дағдарыс кезеңінде ішкі дүниесіндегі адалдық ұғымын сақтауға әрекет жасап, Саятқорасында тұруды жалғастырған.

Шәкәрім қажының «Саятқора» кезеңіндегі өмір салтын бейнелейтін екі фотосуреттің бірі этнограф Ф. Фиельструп тарапынан түсірілген. Осы фотоқұжат материал негізінде ойшылдың өмірлік кеңістігі мен сол кезеңдегі тіршілік ерекшеліктері жөнінде белгілі дәрежеде ғылыми тұжырым жасауға мүмкіндік аламыз (Сурет 1). Фиельструп қазақ халқының этнографиясына қатысты көптеген мәліметті Шәкәрімнен алған деген пікір бар (Шәкәрім, 2008: 706).



1 – сурет. Шәкәрім қажы. Автор: Ф. Фиельструп. 1927 ж. (Шәкәрімнің, 2018).

Fig. 1. Shakarim kazhy. Author: F. Fielstrup. 1927 (Shakarim, 2018).

Шәкәрім қажының «Саятқорадағы» тағы бір бейнесін Қазақ автономиялық социалистік кеңестік республикасы Жер халық комиссариаты Семей губерниялық жер басқармасының 1924–1925 жылдары арнайы ұйымдастырған экспедициясы суреттерінің ішінен көреміз (Сурет 2). Суретте ақын тұлғасының кең әрі иен тау кеңістігінде жалғыз берілуі оның окшау өмір салтын, табиғатпен етене байланысын және көпшілік ортадан саналы түрде алшақ тұрғанын аңғартады.



2 – сурет. Шәкәрім қажы Шыңғыстау бөктерінде (Шәкәрімнің, 2018).

Fig. 2. Shakarim Haji in the foothills of Chingistau (Shakarim, 2018).

Негізінен 1925 жылдарға дейін кеңес өкіметі орнатқан социалистік қоғамнан Шәкәрім де көп үміт күтті... Бірақ, сонымен бірге жаңа қоғамды орнатушылардың «ұр да жық» әрекеттері аңсаған жақсылықтың ауылы алыста екендігін көрсетті. Шәкәрім өмірінің соңғы кездерінде қоғам ісінен алшақтап, Шақпақтағы өзі салған саятқорасына барып елден аулақ, саясаттан алыс, саяқ жүрмек болғаны шындық. Бұл Шәкәрімнің жасы келіп, қоғамдағы болып жатқан шапшаң, әрі шұғыл өзгерістерді ішкі дүниесімен қабылдай алмаған кездегі тіршілігі болатын (Каримов, Асылбеков, 2017: 33).

Десе де көзі тірісінде Шәкәрім қажы «Жаңа наурызға қосқан ескінің бір өлеңі» (1925), «Қараменде мен Кеңгірбай» (1925), «Қазыбек би сөзі» (1926), «Жаңа емлеге көшу туралы» (1929) сияқты қоғамға ой салатын, өз пікірі бар мақалаларын жариялаған.

Шәкәрім халықтың тұрмысының нашарлап кеткендігін айтып Елтайға кіріп шықты деп, айтатындар да бар. Бұл кездесу туралы өлеңінде Шәкәрімнің өзі:

«...Қазақтың басшы баласын,
Сөйлестім көріп шамасын.
Қалайша қалап қойған ел,
Сезімсіз, ойсыз шаласын,
Түк келмейтін қолынан? !
Ел мұңын ондай ұға алмас,
Бастық та болып тұра алмас,
Мансапқа өзің мақтансаң,
Еліңнің басы құралмас,

Адасар айқын жолынан...», – деп мүлде түңіліп шыққандығын айтып өтеді.

Бұл естеліктерден Шәкәрімнің Кеңес үкіметінің жүргізіп отырған саясатына қарсы болғандығы анық байқалады (Каримов, Асылбеков, 2017: 45). Бұл қарсылық ашық саяси күрес түрінде емес, жаңа биліктің құндылықтық негіздерін мойындамау сипатында көрінеді. Сондықтан естеліктердегі деректер Шәкәрімнің кеңестік саясатқа көзқарасын көбіне тұрмыстық наразылық деңгейінде емес, дүниетанымдық және адамгершілік ұстаным тұрғысынан бағалауға мүмкіндік береді.

Бір қарағанда Шәкәрім қажының «Саятқорадағы» өмірі қауіпсіз, елден жырақ көрінгенмен, жағдай тым басқа еді. Саяси күрделі ахуалға қарамастан қажы өз қаламын қойнына жасырған жоқ, ойланып, мұңға батып, әдебиеттегі шығармашылығын үзген жоқ. 1925 жылы ол өзінің «Әділ-Мария» романын аяқтайды. Ол – сол кездегі қоғамды сипаттайтын әлеуметтік-психологиялық және моральдық-философиялық мазмұны терең туындылардың бірі. Шәкәрімнің романы таза махаббаттың құрбаны болған Әділ мен Мәрияның өмірінен алынған әрі соларға арналған. Көркем шығарма қазақтың ғана емес, жалпы адамзаттық ақыл-ой дүниесімен астасып жатқандығымен құнды (Ойсылбай, 2020).

Осы шығармадан кейін Шәкәрім қажының «Саятқорадағы» тұрмысы күрделенбесе, жақсарған емес. 1930 жылы үлкен баласы Ғафур, ұлы Баязит, артынан өзі де кәмпескеге ұшырап, қамауға алынады. Кеңестік жүйенің күшейген саяси озбырлығын көрген қажы, жоғарыда мысалға келтірілген, «Өтініш зарым» деген өлеңін жазады:

«Отырмын таудың басында,
Жетпістен асқан жасымда.
Жапанды жалғыз күзетіп,
Жолдасым жоқ қасымда,
Елсізде қалған мен бір шал...» (Шәкәрімтану мәселелері, 1-т., 2007: 97).

Шәкәрім қажының соңғы кезеңдегі жағдайын қарттық, ұзаққа созылған жалғыздық, ел ішіндегі аштық пен әлеуметтік күйзеліс, сондай-ақ кеңестік биліктің үдей түскен қысымы бір мезгілде ауырлатпай қоймады. Сол себепті 1930–1931 жылдары оның сыртқы өмір кеңістігі барған сайын тарылып, ішкі еркіндік қана негізгі тірекке айналды деуге болады. Басқаша айтқанда, Шәкәрім бұл тұста толық тыныштықтың енді қол жетпес нәрсеге айналғанын сезген болуы ықтимал, бірақ соған қарамастан ар-ұжданын, ойын және жазған мұрасын соңына дейін сақтауға күш салған деп пайымдаймыз.

Шәкәрім Құдайбердіұлы конфискация жылының қарсаңындағы бір өлеңінде былай деген:

«Быдырақ – кедей еңбекші,
 Әркімге баға бермекші.
 Таза жүрек сенбекші,
 Танығанша қыл сабыр...»

Бірақ 1930–1931 жылдардағы Қазақстанда болған партия саясатының бұрмалануы, асыра сілтеушілік шағында ауыл мен аудандағы асыра сілтеушілер Шәкәрімге сенімсіздікпен қарайды («Мұтылғанның» тағдыры, 2013: 22).

Шәкәрім қажының ұрпағы Тауфиқ Досаев та, XX ғ. 30 жылдарын еске ауыр алып, қазақ халқының тарихында қасіреті мол, қайғылы жылдар болғаны жұртшылыққа мәлім екенін жеткізеді. «Осы қайғы-қасіретке біздің жанұя да ұшырады» дейді Тауфиқ Досаев (Досаев, 1998: 9).

Тарихи фактілерді қорыту негізінде, Шәкәрім қажы 1931 жылы нақақтан оққа ұшпаған жағдайда да, кеңестік биліктің күшейген репрессивтік саясаты оның тыныш әрі еркін өмір сүруіне мұрша бермес еді. Өйткені ислам дінін шын жүрегімен қабылдаған Шәкәрім қажыға кеңес өкіметінің бұл саясаты ұнай қойды деу қиын. Ақырында қазақтың басты күн көріс көзі болып табылатын малды кәмпескелеу мен жергілікті атқамінерлердің зорлық-зомбылығы әбден қалжыраған жұртты одан әрмен ашындырып жіберген көтеріліс орын алады (Каримов, Асылбеков, 2017: 38–39). Айыпталғандардың қатарында Шәкәрім қажы да «ұйымдастырушы» ретінде көрсетілді. Шәкәрімнің көтеріліске қатысы дұдамал күйінде қалды десек те, ол ресми мәліметтерде осы көтерілістің ұйымдастырушысы ретінде қарастырылып келді.

Бұл жағдайда ақтау жылдары жиналған естеліктер мен куәгерлік мәліметтерді салыстырмалы негізде қайта қарастыру бүгінгі шәкәрімтануда әлі де өзектілігін жоғалтпаған ғылыми міндеттердің бірі болып саналады. Айталық, Абай аудандық партия комитеті ұйымдастырған Шәкәрім Құдайбердіұлы жөніндегі комиссия 1962 жылдың төрт айы ішінде 300 адаммен сұхбат жүргізіп, олардың жиырма бірінің түсініктемесін жазбаша түрде тіркеген. Аталған мәліметтерде куәгерлер Шәкәрімнің «бандалармен» ешқандай байланысы болмағанын ашық түрде растаған («Мұтылғанның тағдыры», 2013: 28). Ғылыми тұрғыдан мұндай материалдардың құндылығы екі қырынан көрінеді. Біріншіден, олар кеңестік тергеу дискурсы жасаған «ұйымдастырушы», «бандымен байланысы бар» деген ресми айыптауларды жергілікті әлеуметтік жад деңгейінде теріске шығарады. Екіншіден, бұл куәліктер Шәкәрім тұлғасының ел ішіндегі шынайы тұлғалық бейнесін көрсетеді. Сталиндік жүйе жылдары өтіп, буын ауысса да, халық оны қылмыстық әрекетке қатысы бар адам ретінде емес, рухани беделі жоғары, әділетшіл тұлға ретінде танып, алдағы уақытта да солай есептеген. Сондықтан 1962 жылғы комиссия жинаған мәліметтерді тек қосымша естелік емес, ақтау тарихының деректік өзегін құрайтын маңызды айғақтар кешені ретінде бағалау орынды.

Естелік құжаттардың бірінде Шәкәрім қажыны көрген, маңайындағы ахуалды сезінген туысы Әзімбаев Берлештің түсіндірмесі құнды. Ол да Шәкәрімнің терең ойлы адам екенін алға тартып, «өмірі өлеңінде жазылған» дейді. Осының өзі Шәкәрім шығармашылығының қаншалықты терең екенін, сондай-ақ оның туындылары арқылы ақынның өмір жолын, рухани ізденісін және тұлғалық болмысын тереңірек танып-білуге болатынын айғақтайды. Берлештің хабарлауынша, дүрлігу басталған кезде, ол Шәкәрім қажыға барып, ақылдасуды ұйғарады. Сонда қажы жағдайдың шиеленіскен екенін сезіп, екеуінің де Құнанбайдың немересі, бұл жүйе тұрған кезде артық қимылдың қажеті жоқ, «меніңше, біз өз туған-туыстарымызбен апсап басылғанша тасалана тұрайық» деп жауап қайтады. Сөйтіп олар біраз уақыт Бақанақта қалып, елден хабарсыз тұрады. Артынан Шәкәрім Берлештің інісі Қашымды алып, бәрі елге шығады. Берлештің айтуынша, алдағы жақта он шақты адам көрінген. Мылтықтың дауысы естіліп, «Шәкәрім қайтыс болды» деген хабарды алған («Мұтылғанның» тағдыры, 2013: 83).

1928 жылдан кейін Қазақстанда тәркілеу, дін өкілдерін қудалау, көшпелі шаруашылықты күштеп қайта құру науқандары қатар жүріп жатты. Шәкәрімге қатысты арандату немесе қолдан ұйымдастырылған айыптау нұсқасын толық жоққа шығаруға болмайды. Саяси

наукандар барысында Шәкәрім сияқты ойшыл, қоғамдық ортада ықпалы бар тұлғаларға күдікпен қарауы олардың ішкі ызасын арттырмаса, жағдайды жеңілдеткен емес.

Әсіресе Шәкәрімді атты делінетін Қарасартовқа байланысты деректерді қарастырғанда, қаза болған Олжабай Шалабаевтың аты қажыға қандай жолмен телінді деген заңды сұрақ алға шығады. Себебі сол кезеңнің куәгерлері Зейнел Оспанов, Балтақай Толғанбаев, Айтмырза Түңлікбаев сынды адамдардың айтқандарында Қарасартовтың Шәкәрімді «бүлікшілермен байланысы бар» деп көрсетуі шындыққа сәйкес келмейтіні аңғарылады. Керісінше, олардың мәліметтері Шәкәрімнің бүлікші деп танылған топтарға тікелей қатысы болмағанын көрсетуге негіз береді. Айталық, архивтік құжаттағы комиссия мәтіндерінде: «Все они показали, что Шакерим не принимал никакого участия в действиях бандитов» деп жазылған (АОМА. 158-қ., 20-т., 158-іс, 21 п.). Тағы бір куәгер Айтмырза Түңлікбаевтың хабарлауынша, Шыңғыстау аудандық милициясының бастығы Абзал Қарасартов Шәкәрімді бұрыннан іштей жек көрген. «Бір күні қызметтес адамым Баймашев Олжабай (авторлар: Баймышев) өлтірілгеннен кейін оның астындағы торжорға атын ұстап алып тұр екен. Мұны қайтесің дегенде: «Қарасартов Шәкәрімге жібертемін деп алдырды» деген (Жанғалиев, 2008: 135).

Шындығына келгенде, тоталитарлық билік әкелген ылаңның қанды шеңгелінен есі шыққан жұрттың, саясатқа араласпай, бейтараптық сақтауға барынша тырысқан Шәкәрімге ат басын бұрып, соқпаулары мүмкін емес еді (Каримов, Асылбеков, 2017: 57–58).

1931 жылдың 2 қазанында Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы нақақтан қаза табады. Өмірінің соңғы сәті кеңестік жазалау саясатының шынайы табиғатын көрсететін қасіретті оқиғалардың бірі болды. Шәкәрімге тағылған айыптардың мазмұны мен оған қолданылған жазалау тәсілі кеңестік биліктің құқықтық негізден бұрын күдікке, саяси үрейге және күштеу тетіктеріне сүйенгенін аңғартады. Шәкәрім қажының өлімі оның өмірлік ұстанымы мен дүниетанымына қарсы жасалған қысымның шегіне жеткен тұсын білдірді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Шәкәрім Құдайбердіұлының кеңестік қудалау кезеңіндегі өмірі оның жеке тағдыры ғана емес, XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ қоғамының рухани, саяси және адамгершілік ахуалын танытатын маңызды тарихи құбылыс.

Зерттеу барысында XX ғ. 20–30-жылдарындағы қоғамдық-саяси өзгерістердің, әсіресе кеңестік биліктің күшеюі, тәркілеу, ұжымдастыру, әкімшілік зорлық пен рухани қысымның Шәкәрім өміріне ықпал еткені қарастырылды. Осындай күрделі жағдайда Шәкәрім қажы қоғамдық-саяси күреске белсенді араласудан гөрі шығармашылық пен рухани ізденіс жолын тандап, өзінің дүниетанымдық ұстанымдарын сақтауға ұмтылды.

Тарихнамалық және деректік материалдарды талдау Шәкәрім қажының Саятқораға қоныстануын қоғамнан безіну емес, рухани тәуелсіздігін сақтау мен еркін шығармашылық кеңістігін қалыптастыруға бағытталған саналы таңдауы ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Оның шығармалары мен замандастарының, ұрпақтарының естеліктері ойшылдың ел тағдырына бейжай қарамағанын, қоғамдық өзгерістерді терең пайымдап, оларды адамгершілік және ар-ұждан өлшемдері арқылы бағалағанын көрсетті. Зерттеу барысында Шәкәрімнің кеңестік кезеңдегі өміріне қатысты тарихнаманың негізінен тәуелсіздік жылдарында қарқынды дамығаны байқалды. Кеңестік дәуірде саяси себептермен жабық болған көптеген мәселелер кейінгі кезеңде жаңа деректер негізінде қайта қарастырылса, жалпы қазақ халқының XX ғ. 20–30 жж. саяси-әлеуметтік өмірін жаңа бағыттан қарауға мүмкіндік туатыны анық.

Бұдан бөлек зерттеу Шәкәрімнің кеңестік билікпен қарым-қатынасын біржақты саяси өлшемдермен бағалаудың жеткіліксіз екенін көрсетті. Оның өмірлік ұстанымы ең алдымен рухани еркіндікке және адамгершілік құндылықтарға негізделді. Осы себепті Шәкәрім тұлғасын кеңестік модернизация жағдайындағы қазақ ұлттық интеллигенциясының тағдырын бейнелейтін тарихи феномен ретінде қарастыру ғылыми тұрғыдан маңызды екені айтылды.

Осылайша, Шәкәрім Құдайбердіұлының кеңестік кезеңдегі ғұмырын зерттеу XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ қоғамының саяси және рухани келбетін жаңаша

пайымдауға жол ашады. Бұл бағыттағы зерттеулерді жаңа архивтік материалдар негізінде жалғастыру және тұлғаның өмірі мен мұрасын кешенді түрде қарастыру отандық тарих ғылымының өзекті міндеттерінің бірі болып қала береді.

Sources

SAAR — State Archive of Abai Region

Дереккөздер

АОМА — Абай облысының мемлекеттік архиві

References

- Voprosy Shakarimovedenija, 2007 — *Voprosy Shakarimovedenija* [Questions of Shakarim Studies]: Sobranie nauchnyh trudov. 5-j t. Almaty: Raritet, 2007. 480 p. (In Russ.).
- Dosaev, 1998 — *Dosaev T.* Shakarim Qudajberdiulyning urpaqtary turaly [About the descendants of Shakarim Kudaiberdiuly]. Semej, 1998. 98 p. (In Kaz.).
- Zhangaliev, 2008 — *Zhangaliev T.* Mataev: jesse [Mataev: essay.] Almaty: Halyqaralyq Abaj kluby, 2008. 376 p. (In Kaz.).
- Karimov, Asylbekov, 2017 — *Karimov M. Q., Asylbekov M. Q.* Shakarim qazhynyng halqyna oraluy [The return of the Shakarim pilgrim to his people.]. Astana, 2017. 100 p. (In Kaz.).
- Qudajberdiuly, 1918 — *Qudajberdiuly Sh.* Ultshyldyq turaly [About nationalism]. Abaj, 1918. № 3. P. 14–16. (In Kaz.).
- «Mutylgannyng» tagdyry, 2013 — *«Mutylgannyng» tagdyry* [The fate of the forgotten] (Qurast. Zh. Aubakir). Semej. Abajdyng memlekettik qoryq-murazhaji, 2013. 267 p. (In Kaz.).
- Ojsylbaj, 2020 — *Ojsylbaj A.T.* Shakarim Qudajberdiulyning «Adil-Marija» romanynyndagy ulttyq qundylyqtar [National values in Shakarim Kudaiberdiuly's novel "Adil-Maria"]. Keruen. No. 3. 2020. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2020.3-06>. (In Kaz.).
- Rodnik. 2024 — *Rodnik po imeni Shakarim* [A spring named Shakarim.]. Ex. ed. D. Orynbekov, Comp. T.K. Shanbaj. Moscow: Vostochnyj jekspres, 2024. 352 p. (In Russ.).
- Sydyqov, 2013 — *Sydyqov E.* Shakarim. Gylymi-tanymdyq basylym [Shakarim. Scientific and educational publication]. – Almaty: QR BGM GK FSDI, 2013. 441 p. (In Kaz.).
- Sydyqov, Shangbaj, 2025 — *Sydyqov E., Shangbaj T.* Shakarimning «Sajat qorasy» tarihi-madeni qundylyq: zhalgyzdyq pen erkindik maselesi [Shakarim's "Sayat Kora" is a historical and cultural value: the problem of loneliness and freedom]. Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies. 2025. Vol. 152. No. 3. P. 17–35. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-152-3-17-35>. (In Kaz.).
- Shakarimuly, 1992 — *Shakarimuly Ahat.* Zhuldyz. No. 11. 1992. P. 3–52. (In Kaz.).
- Shakarimtanu maseleleri, 2007 — *Shakarimtanu maseleleri: Serijalyq gylymi zhinaq* [Problems of Shakarim Studies: A Scientific Serial Collection]. Almaty: Raritet, 2007. (In Kaz.).
- Shakarimtanu maseleleri, 2007 — *Shakarimtanu maseleleri: Serijalyq gylymi zhinaq*. Vol. 2. Almaty: Raritet, 2007. 448 p. (In Kaz.).
- Shakarimtanu maseleleri, 2007 — *Shakarimtanu maseleleri: Serijalyq gylymi zhinaq* [Problems of Shakarim Studies: A Scientific Serial Collection]. Vol. 2. Almaty: Raritet, 2007. 376 p. (In Kaz.).
- Shakarimtanu maseleleri, 3-t., 2007 — *Shakarimtanu maseleleri: Serijalyq gylymi zhinaq* [Problems of Shakarim Studies: A Scientific Serial Collection]. Vol. 3. Almaty: Raritet, 2007. 304 p. (In Kaz.).
- Shakarim, 2003 — *Shakarim. Qazaq ajnasy. Olengder men pojemalar* [Kazakh Mirror. Poems and poems]. Almaty: Atamura, 2003. 296 p. (In Kaz.).
- Shakarim, 2008 — *Shakarim. Jenciklopedija* [Encyclopedia]. Gen. ed. E.B. Sydyqov. Semej, 2008. 864 p. (In Kaz.).
- Shakarimning, 2014. — *Shakarimning zhanga sureti tabyldy* [A new photo of Shakarim has been found]. [Jelektrondy resurs]. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/2691> (access date: 19.03.2026).
- Shakarimning, 2018. — *Shakarimning ush fotosureti turaly...* [About Shakarim's three photographs...]. [Jelektrondy resurs]. URL: <https://abai.kz/post/79798> (access date: 19.03.2026).

Әдебиеттер тізімі

- Вопросы Шакаримоведения, 2007 — *Вопросы Шакаримоведения: Собрание научных трудов*. 5-й т. Алматы: Раритет, 2007. 480 с.
- Досаев, 1998 — *Досаев Т.* Шәкәрім Құдайбердіұлының ұрпақтары туралы. Семей, 1998. 98 б.
- Жанғалиев, 2008 — *Жанғалиев Т.* Матаев: эссе. Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. 376 б.
- Каримов, Асылбеков, 2017 — *Каримов Мұхтарбек Қарпықұлы, Асылбеков Мұхаметбек Қасымханұлы.* Шәкәрім қажының халқына оралуы. Астана, 2017. 100 б.
- Құдайбердіұлы, 1918 — *Құдайбердіұлы Ш.* Ұлтшылдық туралы. «Абай», 1918. № 3. 14–16 бб.

- «Мұтылғанның» тағдыры, 2013 — «Мұтылғанның» тағдыры (Құраст. Ж. Әубәкір). Семей. Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы, 2013. 267 б.
- Ойсылбай, 2020 — *Ойсылбай А.Т.* Шәкәрім Құдайбердіұлының «Әділ-Мәрия» романындағы ұлттық құндылықтар. Керуен. № 3. 2020. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2020.3-06>
- Родник. 2024 — Родник по имени Шакарим. Отв. ред. Д. Орынбеков, сост. Т.К. Шанбай. Москва: Восточный экспресс, 2024. 352 с.
- Сыдықов, 2013 — *Сыдықов Е.* Шәкәрім. Ғылыми-танымдық басылым. Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. 441 б.
- Сыдықов, Шанбай, 2025 — *Сыдықов Е., Шанбай Т.* Шәкәрімнің «Саят қорасы» тарихи-мәдени құндылық: жалғыздық пен еркіндік мәселесі // *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. 2025. Vol. 152. No. 3. 17–35 бб. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-152-3-17-35>.
- Шәкәрімұлы, 1992 — *Шәкәрімұлы Ахат.* Жұлдыз. № 11. 1992. 3–52 бб.
- Шәкәрімтану мәселелері, 2007 — Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. Алматы: Раритет, 2007.
- Шәкәрімтану мәселелері, 1-т., 2007 — Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. 2-т. Алматы: Раритет, 2007. 448 б.
- Шәкәрімтану мәселелері, 2-т., 2007 — Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. 2-т. Алматы: Раритет, 2007. 376 б.
- Шәкәрімтану мәселелері, 3-т., 2007 — Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. 3-т. Алматы: Раритет, 2007. 304 б.
- Шәкәрім, 2003 — Шәкәрім. Қазақ айнасы. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Атамұра, 2003. 296 б.
- Шәкәрім, 2008 — Шәкәрім. Энциклопедия. Бас ред. Е.Б. Сыдықов. Семей, 2008. 864 б.
- Шәкәрімнің, 2014 — Шәкәрімнің жаңа суреті табылды. [Электронды ресурс]. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/2691> (жүгіну күні 19.03.2026).
- Шәкәрімнің, 2018. — Шәкәрімнің үш фотосуреті туралы... [Электронды ресурс]. URL: <https://abai.kz/post/79798> (жүгіну күні 19.03.2026).

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Karimov M., Nasyrov M., Rakhmetullin E. THE LIFE OF SHAKARIM HAJI DURING THE SOVIET PERIOD: IN MEMORIES AND SOURCES	950
Sabitov Zh., Karatayev A. A. ABU SAID JANIBEK KHAN IN THE 1430S–1450S: NEW EVIDENCE FROM CHINESE SOURCES	966
Tylakhmetova A. S., Beisembayeva A. R., Tepkeev V. T. THE SOURCE BASE FOR THE STUDY OF THE LIFE AND STATE ACTIVITIES OF ABILMAMBET KHAN.....	980
Shabambayeva A. G., Abdrakhmanov B. N., Sadykova A. M. HISTORICAL DISCOURSE IN THE WORKS OF A. ZH. MASHANOV	995

HISTORY

Akhmetova G. M. THE MERCHANT CLASS AND TRADE RELATIONS OF NORTHEASTERN KAZAKHSTAN	1009
Dyusenova N. K. KAZAKH SOVIET MANAGERIAL ELITE DURING COLLECTIVIZATION IN KAZAKHSTAN	1027
Kuanbay O. B., Apendiyev T. A. JAPAN'S XIX CENTURY FAMILY REGISTRATION AND POPULATION CENSUS SYSTEM FEATURES (BASED ON ARCHIVE DOCUMENTS FROM THE MEIJI PERIOD)	1042
Mussagaliyeva A. S., Kozybayeva M. M. DISCUSSIONS ON THE ANCIENT AND MEDIEVAL HISTORY OF KAZAKHSTAN DURING THE DISCUSSION OF THE ACADEMIC PUBLICATION "HISTORY OF THE KAZAKH SSR" IN THE 1950S	1060
Nurtazina N. D. THE REVIVAL OF SUFISM IN KAZAKHSTAN: SAID KURBANALI HAZRAT ISHAN (AKHMEDOV) AND HIS LEGACY	1078
Primkulova G., Sandybaeva A., Tastanbekov M. CULT AND RITUAL STRUCTURES OF TURKESTAN: HISTORICAL AND ARCHITECTURAL ANALYSIS OF UNDERGROUND COMPLEXES (12th–19th CENTURIES).....	1100
Suleimenova D. K., Zhumabayeva A. A. THE ULUS OF JOCHI IN THE ERA OF THE BLACK DEATH.....	1117
Teleuova E. T., Sabol S. "BEYOND TERMS AND BEYOND RULES": IMPERIAL AUTHORITIES AND THE MUSLIM CLERGY OF THE STEPPE KRAI DURING THE 1910 CHOLERA EPIDEMIC.....	1128
Tretyakova M. S. THE ECONOMIC ACTIVITY OF ASHKENAZI JEWISH WOMEN IN THE STEPPE REGION AT THE TURN OF THE TWENTIETH CENTURY	1143
Wang Y., Tuleshova U. Zh. RUSSIAN COLONIZATION OF THE KAZAKH STEPPE: RUSSIAN, KAZAKH, WESTERN, AND CHINESE HISTORIOGRAPHICAL PERSPECTIVES ON IMPERIAL EXPANSION AND COLONIAL TRANSFORMATION	1155

ANTHROPOLOGY

Ganiyeva A. S., Shulga V. A., Sakenov S. K. ARCHAEOLOGY OF TRADITIONAL KAZAKH WINTER SETTLEMENTS IN NORTHERN SARYARKA: EVIDENCE FROM THE ZHABAY WINTERING SITE.....	1175
Yergali G., Kalysh A. B. WEDDING RITUALS OF THE KAZAKHS OF CENTRAL KAZAKHSTAN: PRESERVATION OF TRADITIONS AND REGIONAL FEATURES.....	1193
Krasnobayeva N. L., Sarsembayeva G. A., Kassenova A. Zh. FEATURES OF THE POPULATION SETTLEMENT SYSTEM IN EAST KAZAKHSTAN REGION IN THE LATE XIX–XX CENTURIES: AN ETHNODEMOGRAPHIC PERSPECTIVE	1205
Khabibullin E. I., Asylguzhin R. R. ETHNOGENESIS OF THE BASHKIRS OF THE AY-YURYUZAN INTERFLUVE IN THE CONTEXT OF THE GOLDEN HORDE HERITAGE: AN INTERDISCIPLINARY ANALYSIS.....	1227

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Каримов М., Насыров М., Рахметуллин Е. КЕҢЕСТІК ҚҰДАЛАУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ШӘКӘРІМ ҚАЖЫ ӨМІРІ: ЕСТЕЛІКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕРДЕ	950
Сабитов Ж., Қаратаев Ә. ӘБУСАИД ЖӘНІБЕК ХАН 1430–1450 ЖЫЛДАРЫ: ҚЫТАЙ ДЕРЕК КӨЗДЕРІНДЕГІ ЖАҢА МӘЛІМЕТТЕР	966
Тылахметова А. С., Бейсембаева А. Р., Тепкеев В. Т. ӨБІЛМӘ БЕТ ХАННЫҢ ӨМІРІ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН ЗЕРТТЕУ ДІН ДЕРЕКТІК НЕГІЗІ	980
Шабамбаева А. Г., Абдрахманов Б. Н., Садыкова А. М. А. Ж. МАШАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДИСКУРС	995

ТАРИХ

Ахметова Г. М. СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨПЕСТЕР МЕН САУДА БАЙЛАНЫСТАРЫ	1009
Дюсенова Н. К. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ КЕҢЕСТІК БАСҚАРУШЫ ЭЛИТАСЫ	1027
Қуанбай О. Б., Әпендиев Т. Ә. ЖАПОНИЯНЫҢ ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ОТБАСЫН ТІРКЕУ МЕН ХАЛЫҚТЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖҮЙЕСІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (МЭЙДЖИ ДӘУІРІ АРХИВТІК ҚҰЖАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ)	1042
Мұсағалиева А. С., Қозыбаева М. М. 1950-ЖЫЛДАРЫ «ҚАЗАҚ КСР ТАРИХЫ» АКАДЕМИЯЛЫҚ БАСЫЛЫМЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ БАРЫСЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ПІКІРТАЛАСТАР	1060
Нұртазина Н. Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СОПЫЛЫҚТЫҢ ҚАЙТА ӨРЛЕУІ: САИД ҚҰРБАНӘЛІ ХАЗІРЕТ ИШАН (АХМЕДОВ) ЖӘНЕ ОНЫҢ МҰРАСЫ	1078
Примкулова Г., Сандыбаева А., Тастанбеков М. ТҮРКІСТАННЫҢ ДІНИ-ҒҰРЫПТЫҚ СӘУЛЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІ: ХІІ–ХІХ ҒҒ. ЖЕРАСТЫ КЕШЕНДЕРІНІҢ ТАРИХИ-СӘУЛЕТТІК ТАЛДАУ	1100
Сүлейменова Д. Қ., Жумабаева Ә. Ә.	1117
Телеуова Э. Т., Сабоп С. «МЕРЗІМНЕН БҰРЫН ЖӘНЕ ЕРЕЖЕДЕН ТЫС»: 1910 ЖЫЛҒЫ ТЫРЫСҚАҚ ІНДЕТІ КЕЗІНДЕГІ ДАЛА ӨЛКЕСІНІҢ ИМПЕРИЯ БИЛГІ МЕН МҰСЫЛМАН ДІНБАСЫЛАРЫ	1128
Третьякова М. С. ХІХ–ХХ ҒАСЫРЛАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ДАЛАЛЫҚ АЙМАҚТАҒЫ АШКЕНАЗИ ЕВРЕЙ ӨЙЕЛДЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІ	1143
Ятин Ван, Тулешова Ұ. Ж. РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ОТАРЛАУЫ: ИМПЕРИЯЛЫҚ ЭКСПАНСИЯ МЕН ОТАРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ	1155

АНТРОПОЛОГИЯ

Ганиева А. С., Шульга В. А., Сакенов С. Қ. СОЛТҮСТІК САРЫАРҚАДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚЫСТАУЛАРЫНЫҢ АРХЕОЛОГИЯСЫ: ЖАБАЙ ҚЫСТАУЫ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕГІ ЗЕРТТЕУ	1175
Ерғали Г., Қалыш А. Б. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҮЙЛЕНУ ҒҰРЫПТАРЫ: ДӘСТҮРДІҢ САҚТАЛУЫ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	1193
Краснобаева Н. Л., Сарсембаева Г. А., Касенова А. Ж. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХХ Ғ. ҚОНЫСТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АСПЕКТІ	1205
Хабибуллин Э. И., Асылгузин Р. Р. АЛТЫН ОРДА МҰРАСЫ КОНТЕКСТІНДЕГІ АЙ-ЮРЮЗАН ӨЗЕНАРАЛЫҚ БАШҚҰРТТАРЫНЫҢ ЭТНОГЕНЕЗІ: ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ	1227

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Каримов М., Насыров М., Рахметуллин Е. ЖИЗНЬ ШАКАРИМА КАЖЫ В ПЕРИОД СОВЕТСКИХ РЕПРЕССИЙ: В ВОСПОМИНАНИЯХ И ИСТОЧНИКАХ	950
Сабитов Ж., Каратаев А. А. АБУ САИД ЖАНИБЕК-ХАН В 1430–1450-Х ГГ.: НОВЫЕ ДАННЫЕ КИТАЙСКИХ ИСТОЧНИКОВ	966
Тылахметова А. С., Бейсембаева А. Р., Тепкеев В. Т. ИСТОЧНИКОВАЯ БАЗА ИССЛЕДОВАНИЯ ЖИЗНИ И ГОСУДАРСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АБИЛМАМБЕТ-ХАНА	980
Шабамбаева А. Г., Абдрахманов Б. Н., Садыкова А. М. ИСТОРИЧЕСКИЙ ДИСКУРС В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ А.Ж. МАШАНОВА	995

ИСТОРИЯ

Ахметова Г. М. КУПЕЧЕСТВО И ТОРГОВЫЕ СВЯЗИ СЕВЕРО-ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА	1009
Дюсенова Н. К. КАЗАХСКАЯ СОВЕТСКАЯ УПРАВЛЕНЧЕСКАЯ ЭЛИТА В ПЕРИОД КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ	1027
Куанбай О. Б., Апендиев Т. А. ОСОБЕННОСТИ СИСТЕМЫ СЕМЕЙНОГО УЧЕТА И ПЕРЕПИСИ НАСЕЛЕНИЯ В ЯПОНИИ XIX ВЕКА (НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ ЭПОХИ МЭЙДЗИ)....	1042
Мусагалиева А. С., Козыбаева М. М. ДИСКУССИИ ПО ДРЕВНЕЙ И СРЕДНЕВЕКОВОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В ХОДЕ ОБСУЖДЕНИЯ АКАДЕМИЧЕСКОГО ИЗДАНИЯ «ИСТОРИЯ КАЗАХСКОЙ ССР» В 1950-Х ГГ.	1060
Нургазина Н. Д. ВОЗРОЖДЕНИЕ СУФИЗМА В КАЗАХСТАНЕ: САИД КУРБАНАЛИ ХАЗРАТ ИШАН (АХМЕДОВ) И ЕГО НАСЛЕДИЕ.....	1078
Примкулова Г., Сандыбаева А., Тастанбеков М. КУЛЬТОВО-РИТУАЛЬНЫЕ СООРУЖЕНИЯ ТУРКЕСТАНА: ИСТОРИКО-АРХИТЕКТУРНЫЙ АНАЛИЗ ПОДЗЕМНЫХ КОМПЛЕКСОВ XII–XIX ВВ. .	1100
Сулейменова Д. К., Жумабаева А. А. УЛУС ДЖУЧИ В ЭПОХУ «ЧЁРНОЙ СМЕРТИ».....	1117
Телеуова Э. Т., Сабоп С. ««ВНЕ СРОКА И ВНЕ НОРМЫ»: ИМПЕРСКАЯ ВЛАСТЬ И МУСУЛЬМАНСКОЕ ДУХОВЕНСТВО СТЕПНОГО КРАЯ В ПЕРИОД ЭПИДЕМИИ ХОЛЕРЫ 1910 ГОДА	1128
Третьякова М. С. ЭКОНОМИЧЕСКАЯ АКТИВНОСТЬ АШКЕНАЗСКИХ ЕВРЕЕК В СТЕПНОМ КРАЕ НА РУБЕЖЕ XIX–XX ВВ.	1143
Ван Я., Тулешова У. Ж. РОССИЙСКАЯ КОЛОНИЗАЦИЯ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ: РОССИЙСКИЕ, КАЗАХСКИЕ, ЗАПАДНЫЕ И КИТАЙСКИЕ ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЕ ПЕРСПЕКТИВЫ ИЗУЧЕНИЯ ИМПЕРСКОЙ ЭКСПАНСИИ И КОЛОНИАЛЬНОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ.....	1155

АНТРОПОЛОГИЯ

Ганиева А. С., Шульга В. А., Сакенов С. К. АРХЕОЛОГИЯ ТРАДИЦИОННЫХ КАЗАХСКИХ ЗИМОВОК СЕВЕРНОЙ САРЫАРКИ: МАТЕРИАЛЫ ИССЛЕДОВАНИЯ КЫСТАУ ЖАБАЙ.....	1175
Ергали Г., Калыш А. Б. СВАДЕБНОЙ ОБРЯДЫ КАЗАХОВ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА: СОХРАНЕНИЕ ТРАДИЦИЙ И РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ	1193
Краснобаева Н. Л., Сарсембаева Г. А., Касенова А. Ж. ОСОБЕННОСТИ СИСТЕМЫ РАССЕЛЕНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В КОНЦЕ XIX–XX ВВ.: ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ	1205
Хабибуллин Э. И., Асылгузин Р. Р. ЭТНОГЕНЕЗ БАШКИР АЙСКО-ЮРЮЗАНСКОГО МЕЖДУРЕЧЬЯ В КОНТЕКСТЕ ЗОЛОТООРДЫНСКОГО НАСЛЕДИЯ: МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЙ АНАЛИЗ	1227

ASIAN JOURNAL "STEPPE PANORAMA"

2026. 13(4)

Бас редактор:

Қабылдинов З. Е.

Компьютерде беттеген:

Ағзам Р. Р.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті

Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш. Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй